



Автор: Бектемирова Қарлығаш Жанғожақызы

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: М.Әуезов. «Көксерек»

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.6.1 - тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру.
Сабақтың мақсаты:	-Нақты ақпараттарды анықтайды. -Тыңдалым мазмұнын түсініп, негізгі ойды анықтайды. Көтерілген мәселеге қатысты пікір айтады. -Мәтін бойынша барлық сұраққа дұрыс жауап бере алды.
Тілдік мақсаттар:	Мұғалімнің көмегімен оқушылар сұрақтарға жауап бере алады және мәтіннен қажетті ақпараттарды анықтау үшін топтық, жұптық, жеке жұмыстар атқарады.
Күтілетін нәтиже:	1. Топтық жұмыс барысында оқушылар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз ойларын айта алады. Бірлесе отырып ортақ шешім қабылдайды. 2. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамиды. 3. Топтық жұмыс барысында оқушылардың бір-бірін оқыту дағдылары артады.
Бағалау критерийлері:	Нақты ақпараттарды анықтайды. Мәтіндегі негізгі мәліметті анықтайды; Мәтіндегі оқиғаларға баға береді.
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығын сақтауға тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	пренентация, видео « Қызыл кітапқа енген жануарлар». https://www.youtube.com/watch?v=zxPcDXRntdQ
Пәнаралық байланыс:	биология
Бастапқы білім:	Қозы Көрпеш – Баян Сұлу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі • Сәлемдесу; • Оқушылардың және сыныптың дайындығын тексеру. Психологиялық ахуал туғызу «Хат келді» тренингі Мақсаты: Оқушының өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру. Мысалы : Хатта жазылған тілекті көрші сыныптасына оқиды «Марина саған бүгін сабақта табыс тілеймін» , Артем бүгін сабақта саған жақсы жетістік тілеймін» т.б. аффирмацияларды қолданады. Топқа бөлу. Оқушылар «Сиқырлы стикер» әдісі бойынша екі топқа бөлінеді. Стикер ішіне жасырылған түстер бойынша екі топқа бөлінеді. Қызығушылықты ояту: ТЖ.«Суреттер сөйлейді». Суреттердегі мағынаны Image not found or type unknown Image not found or type unknown • «Қызыл кітап» деген мағынаны қалай түсінесіңдер? Ол не? • Қорғауға алынған қандай жануарларды білесіңдер? <u>Тақырыпты анықтау үшін видео көрсету.</u> « Қызыл кітапқа енген жануарлар». https://www.youtube.com/watch?v=zxPcDXRntdQ - Сонымен балалар бүгінгі жаңа тақырып немен байланысты деп ойласыңдар? Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: М.Әуезов. «Көксерек», сабақтың оқу мақсаты мен критерийлері оқушыларға түсіндіріледі. Оқулықпен жұмыс. Ойтүрткі Сұхбат алу. 1. Суретте қандай фильм бейнеленген? 2. Бұл фильмді көрдің бе? 3. Қай жері сіздің есіңізде қалды? 4. Көксерек туралы сіздің ойыңыз? Көксерек фильмінен үзінді көру. -Басты кейіпкерлер бұл фильмде? □ Тақырыбы бойынша видеоматериал көру https://www.youtube.com/watch?v=szbLuXGwmBM □ «Қасқырлар» (алған әсерлерімен бөлісу) □ Тірек – сызба бойынша сөйлеу. ҚБ «Бас бармақ» Image not found or type unknown
---------------	--

Сабақтың ортасы	Тыңдалым / 44 – аудио/ 1-тапсырма . Мәтінді мұқият тыңдау, сұрақтарға нақты ақпаратпен жауап беріңіз. (Топтық жұмыс.) Дескриптор: -мәтінді мұқият тыңдайды. -мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды. - түріндегі сұрақтарға жауап береді. ҚБ «Дұрыс -бұрыс». Жазылым алды тапсырмасы. «Пирамида әдәсі» ЖЖ. «Адам», «Табиғат», «Қасқыр» сөздері жазылған парақтар беріледі. Әр топ өздеріне түскен сөзге қатысты сөздер мен сөз тіркестерін және сөйлем жазады. Оқылым. Бірлескен оқу. 2 -тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақ құрастырыңыз. . Қасқыр - еркіндікті жақсы көретін аң. Оны қолға үйрету өте қиын. Қасқыр қақтығыстан қайтпайды. Не жеңеді, не өледі. Әйтеуір аяғына дейін жеткізеді. Ол тек қана балғын, жаңа етпен қоректенеді және өзінің маңдай терімен ұстаған олжасын ғана жейді. Қасқырлардың тағыбір ерекшелігі аталық пен аналық қасқырлар жұптарын жазбай өмірсүреді. Бір-бірін ешқашан алмастырмайды. Оларды тек қана өлім ғанаажырата алады. Бала тәрбиесіне екі жақ та атсалысады. Бір-біріне дегенадалдығы – қасқырлардың басты ерекшелігі. Аналық қасқыр ұйықтапжатқанда, еркек қасқыр күзетіп тұрады. Бұл жыртқыш аң бостандықтықалайды. Қақпанға түскен қасқыр аяғын тіспен кесіп, ары қарай жолынжалғастыра береді. Егер аңшылар қақпанға түскен қасқырды тез арадақолға түсірмесе, онда өлгі қасқырдың серіктестері оны жеп кетуі мүмкін. Себебі қасқырлар өзінің тобындағы ең әлсіз, ауру қасқырларды азық ретінде жеп қояды. Дескриптор - мәтінді түсініп оқиды. - сұрақ құрастырады. - сұрақтарға жауап береді. 5e4e263e4034a.png Image not found or type unknown «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі бойынша жеке және жұптасып сұрақтар құрастырады. Кері байланыс Бекіту сұрақтары: 1.Көксерек әңгімені авторы кім? 2. Көксерек әңгімесі қай жылы жазылған? (1929 ж) 3. Құрмаштың елі? (Қараадыр) 4. Көксерек әңгімесінің тақырыбы? (Адам-Табиғат-Қасқыр)	
------------------------	--	--

Сабақтың соңы	Бағалау парақшасында бағалау жүргізіледі. Бағалау критерии+- 1. Мен барлық сұрақтарға жауап бердім 2.Мен 2 сұраққа жауап бермедім 3.Мен топтық жұмыста белсенді қатыстым, сұрақтар қойдым,топтастарыма жақсы көмектестім 4.Мен топтық жұмыста аса белсенділік танытпадым: аз сұрақ қойдым,бірақ жақсы көмектестім 5.Мен топта белсенді жұмыс істемедім: сұрақтар құрастырмадым, топтастарыма аз көмектестім Қосымша ақпарат. Қасқырдың қорғауға алынған қандай түрлерібар? «Қара кітап» дегенді естігендеріңіз бар ма?	
Рефлексия	Рефлексия «СМС хат» Балалар бүгінгі сабақтан сендер қандай әсер алдыңдар не ұнады не ұнамады бір біріне смс арқылы жазыңдар Бүгін сабақ (қызықты, қызықсыз) Сабақта маған ... ұнады. Сабақ маған (ұнады, ұнамады) Кім өз СМСын оқып бере алады?	